

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №4 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 67, 69 және 74-тармақтарын назарға алып,

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 55-бабының 2 және 3-тармақтарына, 56-бабының 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабының 98-тармағының 10) тармақшасына, 13- бабының 112 және 113-тармақтарына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының №66/62 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тарауының 32-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. 2025 жылғы 27 наурыздан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Тұтастай алғанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі өткенге дейінгі мерзімге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші болып Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов сайлансын.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының 2025 жылғы
«___» мамырдағы №_____
шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» мәселе
бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2025 жылғы «___» _____

1. Мақсат және міндет

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау.

2. Экономикалық әсер

Көзделген жоқ.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі – АЖЖ) айрықша құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – **ДК**) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

ДК-нің ағымдағы құрамы 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен АЖЖ-ның 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№4/2023 хаттама) сайланды.

Заңның 37-бабының 2-тармағына сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Заңның 38-бабына сәйкес ірі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша осындай жиналыстың күн тәртібін қамтуға тиіс тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Бұл ретте, Қоғамның Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Осыған байланысты, Қоғамның ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) ДК атына 2025 жылғы 3 сәуірдегі шығыс №07-2-09/1812 хатпен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» күн тәртібімен Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – **АКТЖЖ**) шақыру қажеттігі туралы хабарлама жіберді.

Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес, қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Жоғарыда аталғанды орындау үшін, 2025 жылғы 3-4 сәуірде ДК келесі күн тәртібімен 2025 жылғы 5 мамырға АКТЖЖ шақыру туралы шешім (№5/2025 хаттама, №2 мәселе) қабылдады:

- 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы».
- 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы».

Сонымен қатар, Қор Басқармасының 2025 жылғы 3 сәуірдегі шешімімен (№13/25 хаттама) Қордың АКТЖЖ күн тәртібіндегі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» мәселе бойынша келесі ұстанымы айқындалды:

1. 2025 жылғы 27 наурыздан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Тұтастай алғанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі өткенге дейінгі мерзімге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші болып Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов сайлансын.

Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Бұл орайда, Заңның 54-бабының 3-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайды (яғни, акционерлердің дауыстарын үміткерлер бойынша бөлу рәсімі талап етілмейтіндіктен, кумулятивтік дауыс беру қолданылмайды) қоспағанда, ДК мүшелерін сайлауды акционерлер дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырады. Осылайша, Қордың ДК-дегі бір орынға бір үміткер ұсынылғандықтан, кумулятивтік дауыс беру қолданылмайды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, АКТЖЖ Нұрлан Қаршығаұлы Жақыповты тұтастай алғанда ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге ДК төрағасы, Қордың мүддесін білдіруші етіп сайлауды ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

ДК құрамын өзгерту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылдау немесе қабылдамау кезіндегі негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Нұрлан Қаришығаұлы Жақыпов.

2. Үміткерді ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, үміткер «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі – Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде ұсынылады.

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы мәлімет):

- 1995-1999 жж. – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика бакалавры, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті;

- 1999-2001 жж. - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика магистрі, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті;

- 2002-2005 жж. - Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика ғылымдарының кандидаты, менеджмент және маркетинг факультеті.

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестік туралы мәліметтер:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ-ның лауазымды тұлғасы болғандықтан, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады.

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2019-2020 жж. – ROTHSCILD & CO (ИНВЕСТ БАНК РОТШИЛЬД ЖӘНЕ КО) компаниясының Қазақстандағы өкілі;

- 2020-2023 жж. – Kazakhstan Investment Development Fund Management Company LTD Басқармасының төрағасы;

- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы.

6. Үміткер ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, Директорлар кеңесінің төрағасы.

7. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ.

8. Өтелмеген/өтелген соттылығы немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған/алып тасталған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ соттың үміткерді меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасауда кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес аталған қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ.

9. Үміткердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылуға келісімі туралы мәліметтер:

Келіседі.

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иелену:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдың ішінде басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

12. Белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде, алдыңғы бес жыл ішінде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органының басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылғаны туралы мәліметтер:

Жоқ.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы
жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп
комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 46-бабы 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 5) тармақшасына, ҚМГ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тарауы 32-тармағының 8) тармақшасына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы

былай деп ШЕШТІ:

1. 2025 жылғы 4 мамырдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының мына мүшелерінің:

- 1) Мақсат Талғатұлы Байзатовтың;
- 2) Төрехан Манарбекұлы Қарымсақовтың;
- 3) Жібек Ермекқызы Кнатованың;
- 4) Серікжан Әлиасқарұлы Төрехановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. 2025 жылғы 5 мамырдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының құрамына тұтас алғанда оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге мүшелер ретінде мына адамдар сайлансын:

- 1) Көжекенова Мархабат Баянқызы;
- 2) Қарсыбек Қуана Қайроллаұлы;
- 3) Мәдиева Салтанат Асқарқызы;
- 4) Мырзағали Абай Болатұлы.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы Д.В. Шарипов белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының 2025 жылғы
«___» мамырдағы № _____
шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп
комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы» мәселе бойынша
түсіндірме жазба**

Астана қаласы

«___» _____ 2025 жыл

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам, ҚМГ**) акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшелерін сайлау.

2. Экономикалық әсері

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының функцияларын орындау «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына жүктелген жағдайда, жұмсалуды мүмкін Қоғамның ақшалай қаражатын үнемдеу.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 сәуірдегі (№1\2023 хаттама, №2 мәселе) және ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №26 мәселе) шешімдерімен ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының (бұдан әрі – **Есеп комиссиясы**) сандық құрамы (8 адам) және өкілеттік мерзімі (3 жыл [2023 жылғы 6 сәуірден бастап]) айқындалып, ҚМГ қызметкерлерінің арасынан оның мүшелері сайланды:

Шарипов Дамир Валерьевич – Есеп комиссиясының төрағасы;

Кнатова Жібек Ермекқызы;

Төреханов Серікжан Әлиасқарұлы;

Байзатов Мақсат Талғатұлы;

Қарымсақов Төрехан Манарбекұлы;

Төлеева Қалбіби Әлімзадақызы;

Сексенбаева Ася Махамбетқалиқызы;

Нечаева Оксана Николаевна.

Сонымен қатар, объективті себептер бойынша Есеп комиссиясының мына мүшелерінің:

1) Жібек Ермекқызы Кнатованың;

2) Серікжан Әлиасқарұлы Төрехановтың;

3) Мақсат Талғатұлы Байзатовтың;

4) Төрехан Манарбекұлы Қарымсақовтың өкілеттіктерін тоқтату қажеттілігі туындады.

Осыған байланысты, Есеп комиссиясы 8 адамнан тұруы тиіс екенін ескере отырып, Есеп комиссиясының төрт жаңа мүшесін құрамға сайлау қажет.

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы заң**) 36-бабы

1-тармағының 4) тармақшасына, 46-бабы 1-тармағына, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қоғамның Жарғысының (бұдан әрі – **Қоғамның Жарғысы**) 12-бабы 98-тармағының 5) тармақшасына, ҚМГ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) туралы ереженің 7-тарауы 32-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның Директорлар шешімімен кеңесі (2025 жылғы 3-4 сәуірдегі №5/2025 хаттама, №2 мәселе) (бұдан әрі – **ДК шешімі**) 2025 жылғы 5 мамырда Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – **АКТЖЖ**) шақыру туралы шешім қабылдады, оның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі – Есеп комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселе.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, АҚ туралы заңның 38-бабының 2-тармағын, Қоғам Жарғысының 11-бабының 58-тармағын, АЖЖ туралы ереженің 6-тарауының 27-тармағын назарға ала отырып, осы мәселені алдын ала қараған және оны АКТЖЖ-ға шығаруға бастамашы болған Қоғамның ДК шешіміне әйкес, мыналар ұсынылады:

Есеп комиссиясының мүшелері – Мақсат Талғатұлы Байзатовтың, Төрехан Манарбекұлы Қарымсақовтың, Жібек Ермекұлы Кнатованың, Серікжан Әлиасқарұлы Төрехановтың өкілеттігі АКТЖЖ алдындағы күннен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

АКТЖЖ өткізу күнінен бастап ҚМГ-ның мына қызметкерлері Есеп комиссиясының құрамына, оның мүшелері ретінде және өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайлансын:

- 1) Қарсыбек Қуана Қайроллаұлы;
- 2) Көжекенова Мархабат Баянқызы;
- 3) Мәдиева Салтанат Асқарқызы;
- 4) Мырзағали Абай Болатұлы.

Есеп комиссиясының құрамына ұсынылатын кандидаттар ҚМГ Басқармасының құрамына кірмейді және осылайша, акционерлік қоғамның алқалы органдарының мүшелері, сондай-ақ акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам Есеп комиссиясына кіре алмайтыны туралы АҚ туралы Заңның 46-бабының 2-тармағында және АЖЖ туралы ереженің 12-тарауының 60-тармағында көзделген талапқа сәйкес келеді.

АҚ туралы заңның 36-бабының 2-тармағына және 50-бабының 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, АЖЖ туралы ереженің 16-тарауының 79-тармағына сәйкес, осы мәселе бойынша

дауыс беру үшін дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысы талап етіледі және дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Шығарылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының осы мәселе бойынша шешім қабылдамауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларының сақталмау тәуекеліне әкеп соғады, кейіннен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін жарамсыз деп тану туралы сот даулары туындауы мүмкін.